

Кіші топ «Балапан»

Балалардың жасы 2-3 жас

Топ тәрбиешілері:

Кужебаева Айжан Жомартовна

Юсупова Айгуль Рахимовна

Тәрбиеші көмекшісі:

Нурмашова Жангагуль Яхшиликовна

Балапан тобының эмблемасы



Жаңа оқу жылынан бастап топтағы бала саны: 19. Оның ішінде 10 ұл және 9 қыз.

Топтың ұраны:

Қанат қаққан балапан,

Арманымыз алақан.

Білім алып, ойнаймыз,

Болашаққа самғаймыз

2-3 жастағы балалардың жас ерекшеліктері.

ЗЕЙІНІ:

- қарапайым тапсырманы 3-5 минут орындай алады;
- нұсқауды ересектердің көмегімен қабылдайды;
- ойын кезінде назарын қысқа уақытқа бір әрекетке аударады.

ЕСТЕ САҚТАУ:

- жаңа сөздерді тез қабылдайды;
- қарапайым суреттерді есте сақтай алады (1-2 бейнені);
- жиі қайталанатын қимылдарды жаттап, еске түсіреді.

ОЙЛАУ:

- қарапайым салыстыру жасай алады (үлкен –кіші, көп-аз);
- заттарды түстері мен пішіндері бойынша ажыратады;
- «Қайда?», «Не істеп жатыр?» сияқты сұрақтарға қарапайым жауап береді.

ҚИМЫЛ - ҚОЗҒАЛЫС:

- жүгіру, секіру, еңбектеу, тепе-теңдікті сақтау қабілеттері дамиды;
- қарапайым қимыл қозғалыс ойындарына қызыға қатысады;
- ұсақ моторика дамиды (құм, су, құрастыру ойындары).

СӨЙЛЕУДІ ДАМУ:

- Сөз қоры шамамен 200-300 сөз;
- қарапайым екі –үш сөзден тұратын сөйлемдер құрайды;
- ересектердің және құрдастарының айтқанын қайталайды;
- «мама», «папа», «бер», «ал» сияқты күнделікті сөздерді белсенді қолданады.

ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ:

- жануарлар мен өсімдіктерді таниды, және ажыратады;

- өзінің атын, жасын айта алады (көмекпен);
- түстерді, пішіндерді ажыратуға үйренеді;
- таныс көлік түрлерін атайды;
- үй ішіндегі қарапайым заттарды көрсетіп, атай алады.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТПЕН ТАНЫСТЫРУ:

- қарапайым ертегілерді тыңдайды, кейіпкерлерін атайды;
- қысқа тақпақтар, әндерді жатқа айтады;
- ертегідегі қарапайым әрекеттерді қимылмен қайталайды.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС - ӘРЕКЕТ:

- ұйымдастырылған іс-әрекет уақыты - 8-10 минуттан аспайды;
- аптасына 15-16 сағатқа дейін жоспарланады;
- ойын , қимыл - қозғалыс арқылы жүргізіледі;
- балалардың қызығушылығы мен шаршау деңгейі ескеріледі.



